Сүт алу, тасымалдау және сату орындарында сүттің ветеринариялық-санитариялық сараптамасын ветеринариялық дәрігер жүргізу қажет. Сараптама жұмыстары дұрыс жүргізілуі сүттің физико-химиялық және органолептикалық көрсеткіштеріне байланысты. Сонымен қатар сүттің тығыздығы мен қышқылдығы зерттеледі. Сүт және сүт өнімдерінің физико-химиялық көрсеткіштеріне мал тұқымы, ұстау және азықтандыру жағдайы, ағзаның физиологиялық жағдайы мен басқа да факторлар әсер береді. Сапалы сүтті пайдалануға жіберу үшін жануардың анамнезін (денсаулық жағдайы, тұқымы, азық құрамы, сүт алу технологиясы) жасау қажет. Осы көрсеткіштердің қорытындысы бойынша ветеринарлық-санитарлық сараптама жасалынады.

Қазір шаруашылықтардың эпизиотиялық жағдайы жануарлардың түрлі патогендермен ауруына байланысты. Ауру жануарлардан жаңа және бұрын кездеспеген түрлі патогенді қоздырушылар шығады (вирустар, патогендер және шартты патогенді микроағзалар).

Шаруашылықтарды патогенді микроағзалардың пайда болуы, көп жағдайда қолайсыз жағдай әсерінен, иммунитет тапшылығынан туындайды. Соның ішінде жануарларды дұрыс ұстамау, теңгерімсіз азықтандыру мен зияң азықтарды пайдалану әсерінен патогенді микроағзалар пайда болады.

Түйін сөздер: сүт, ветеринариялық-санитариялық сараптама, сауықтыру, патогенді микроағзалар.

Хламидиоз (*Chlamydiosis*) – этиологиясы мен патогенезі бойынша бір-біріне ұқсас, бірақ клиникалық белгілері мен ауру қоздырушыларының шоғырланып көбею орындарының ерекшеліктері бойынша әр түрлі болып келетін, созылмалы түрде өтетін, әрі аз зерттелінген антропоноздық және зооноздық табиғаттылығымен сипатталатын індеттер қатарынан ерекше орын алатын жұқпалы ауру. Симптоматикасының әр түрлі болуына байланысты хламидиялық індет пневмония, трахома, сепсис, іш тастау, уақытынан бұрын туу, энтерит, менингоэнцефалит және т.б белгілерімен ерекшелінеді. Хламидиоз – несеп-жыныс жолдары арқылы жұғатын жұқпалы ауру. Ол жыныстық жолмен жұғатын аурулардың ішінде ең кең таралған түрі. Вирустар

сияқты, тек тірі жасушаның ішінде ғана тіршілік етеді. Бірақ та құрылысы бактерияларға ұқсас келеді. Микроорганизм осындай екі түрлі және жасушалардың ішінде болатындықтан, оны емдеу өте қиын [1].

Ауыл шаруашылық малдар арасында хламидиоз: жылқыда – биенің іш тастауы, құлынның бронхопневмониясы және артриті, ірі қара малда – сиырдың энзоотиялық, індеттік, вирустық неориккетсиоздық іш тастауы, энцефаломилиті, энтериті, бұзаудың хламидиялық бронхопневмониясы мен артриті, шошқада – вирустық энзоотиялық, неориккетсиоздық іш тастауы, торайдың хламидиозы, хламидиялық бронхопневмониясы белгілерімен сипатталады [2].

Қоздырушының сипаттамасы. Заманауи таксономиялық түсініктемеге сәйкес хламидиоздың қоздырушысы *Chlamydiales* қатарындағы *Chlamydiaceae* тұқымдастығына жатады, оның ішінде екі туыстық кіреді: *Chlamydia* және *Chlamydophila*. Ауылшаруашылық жануарларда індет тұғызатын түрлері *Chlamydophila* туысына жатады. Осы туысындағы этиологиялық маңызды келесі 3 түрді біріктіреді: *Chlamydophila abortus* (бұрында *Chlamydia (C.) psittaci* 1-ші серотипі), *Chlamydophila pecorum* (бұрын *C. pecorum*) және *Chlamydophila pneumonia* [3].

Ауру жыныстық жолмен, ауа тамшылары арқылы жұғады. Шыбын-шіркейлер арқылы да жұғуы мүмкін. Негізгі зақымданатын жерлері – несеп шығару өзегі, бартолий безі, жатыр түтікшелері, құрсақ. Босану кезінде жұқпасы бар өзекшелер арқылы ауру нәрестелерге жұғады. Олар сәбидің көзін, құлағын, өкпелерін зақымдайды. Мұның нәтижесінде бала шетінеп кетуі ықтимал. Аурудың жасырын кезеңі – 10-14 күн [4].

Жұмыстың **максаты**: ірі қара мал хламидиозымен ауырған сиырларды сауықтыру кезіндегі сүттің ветеринарлық-санитарлық сараптауы.

Міндеттері :

- сүттің органолептикалық көрсеткіштерінің зерттеу
- сүттің физико-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерін анықтау
- сүттегі антибиотектердің қалдық мөлшерін анықтау

Зерттеу материалдары ретінде ІҚМ хламидиозы ауруынан сауықтыру жүргізілген сиырлардың сүт сынамалары алынды. Жалпы зерттелген сынамалар саны 15.

Зерттеу барысы: Зерттеулерді ЖШС «Тимофеевка-Агро» шаруашылығында жүргізілді. Зерттеу үшін 15 ІҚМ-ды 3 топқа бөлдік: 1 топ (5 сиыр басы) – тәжірибе жүргізілген топ, 2 топ (5 сиыр басы) – бақылау тобы және 3 топ (5 сиыр басы) – сау ІҚМ тобы.

1-ші топтың сиырларға – доксицилин-200 антибиотегі қолданылды, 2-ші топ сиыр басына бұрын қолданған Нитокс антибиотегі қолданылды, 3 топты – сау жануарлар құрды.

Доксицилин-200 – бұл тетрациклин қатарынан соңғы үлгідегі антибиотик. Жануарларға «Доксицилин 200» антибиотегін бұлшықетіне 10 кг массаға 1,0 мл дозаны еңгізілді. Нұсқаулыққа сәйкес сойылған сиырдың етін, антибиотик еңгізуден, 21 күн өткеннен кейін қана қолдануға болады.

Нитокс – антибактериалды дәрі қатарына жатады. Құрамындағы окситетрациклина дигидрат, көптеген грам оң және теріс бактерияларды, сонымен қатар хламидиялар, риккетсиялар және спирохеталар жоюға әсер тигізеді.

Келесі зерттеулер «Доксицилин 200» және «Нитокс» антибиотиктермен емделген ІҚМ сүтінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасына арналады.

Сүттің органолептикалық зерттеулердің нәтижелері 1-ші кестеде көрсетілді.

1 кесте – Сүттің органолептикалық зерттеулердің нәтижелері

Шаруашылықта тәжірибе жүргізілген мал тобы	Сүттің органолептикалық зерттеу көрсеткіштері		
	Консистенция	Иісі мен дәмі	Түсі
	7 және 21 күн өткен зерттеу көрсеткіштері		
Тәжірибе жасалған топ (n=5)	Тұнбасыз және үлпектерсіз, біртекті сұйықтық	Таза, бөтен иіс пен дәмі жоқ, жаңа сауылған сүттің дәмі	Ақ, ақшыл
Бақылау жасалған топ (n=5)	Тұнбасыз және үлпектерсіз, біртекті сұйықтық	Таза, бөтен иіс пен дәмі жоқ, жаңа сауылған сүттің дәмі	Ақ, ақшыл
Сау жануарлар тобы (n=5)	Тұнбасыз және үлпектерсіз, біртекті сұйықтық	Таза, бөтен иіс пен дәмі жоқ, жаңа сауылған сүттің дәмі	Ақ, ақшыл

1-ші кестедегі көрсеткіштерді қарап, тәжірибе жүргізілген үш топтың сиыр сүтінің органолептикалық көрсеткіштері көп айырмашылықтар көрсеткен жоқ. 21 күн аралығында, бұл көрсеткіштер өзгеріске ұшырамады.

Сүттің физико-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерінің нәтижелері 2 кестеде көрсетілді.

2-ші кестенің нәтижелері бойынша, сүттің физико-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері үлкен айырмашылық көрсеткен жоқ.

1-ші топтағы сиыр сүтінің қышқылдығы зерттеу кезінде $17,5 \pm 0,03^{\circ}\text{T}$ көрсеткіштен $16,9 \pm 0,03^{\circ}\text{T}$ -ке өзгерді. 2-ші топтағы сиыр сүтінің қышқылдығы $17,0 \pm 0,1$ -ден $16,5 \pm 0,2^{\circ}\text{T}$ -ге өзгерді. Сау жануарлар тобы сүтінің қышқылдығы $16,0 \pm 0,02$ -ден $16,4 \pm 0,1^{\circ}\text{T}$ -ге өзгерді.

Зерттелген сүт сынамаларының топ тазалағы зерттеу уақытында 1-ші топты құрды.

Тәжірибе жасалған сиыр сүтінің тығыздық көрсеткішінің нәтижесі $1031,0 \pm 0,2 \text{ кг/м}^3$ көрсеткіштен $1030,8 \pm 0,1 \text{ кг/м}^3$ -ге дейін төмендеді. Бақылау жасалған топтың сиыр сүтінің тығыздық көрсеткіші $1028,0 \pm 0,1$ -ден $1029,1 \pm 0,2 \text{ кг/м}^3$ -ге өзгерді, ал антибиотик еңгізілмеген сау жануарлар тобының тығыздығы $1030,2 \pm 0,11$ -ден $1029,0 \pm 0,1 \text{ кг/м}^3$ -ге дейін төмендеді.

Бактериалдық ластануы бойынша 1-ші топтағы сүт сынамаларының нәтижесі $281,0 \pm 1,0$ ден $267,0 \pm 0,5 \text{ мың/см}^3$ -ке төмендеді, 2-ші топта $289,0 \pm 1,3$ -тен $279,0 \pm 2,0 \text{ мың/см}^3$ -ге дейін, ал 3-ші топта $297,0 \pm 2,1$ -ден $298,0 \pm 0,4 \text{ мың/см}^3$ -ке артты.

Соматикалық торшалардың санын зерттеу кезінде 1-ші топта: $390,5 \pm 3,2$ ден $380,6 \pm 1,6 \text{ мың/см}^3$ төмендеді, 2-ші сиыр тобында $391,0 \pm 4,0$ тен $382,9 \pm 1,8 \text{ мың/см}^3$ -ге дейін төмендеді, сау жануарлар тобында $500,0 \pm 0,5$ -тен $498,6 \pm 7,9 \text{ мың/см}^3$ -ге өзгерді.

Бактериялық ластану мен соматикалық торшалардың зерттеу нәтижесі микроағзалар мен соматикалық жасушалардың азайғанын көрсетті.

Антибиотектердің ағзаға берген қолайсыз әсері, оның жануартекес өнімдердегі рұқсат берілетін норма көрсеткіші анықтауға мүмкіндік берді.

Сүттегі доксициклин қалдықтарын СТ РК 1733-2007 әдістемелік нұсқаулық арқылы жасалды. Ол антибиотектердегі дегидрогеназаның белсенділігін сулы қоректік ортада баяулатуға негізделген. Тест-культура ретінде *Bacillus subtilis* қолданылды.

Зерттеуге алынған сүт сынамалары тексеру жасауға дейін мұздатқышта, $4 \pm 1^{\circ}\text{C}$ температурда сақталды. Тест-культураны Петри табақшасына 2%-ды ет-пептонды агарға себілді. Содан соң $37 \pm 1^{\circ}\text{C}$ температурада термостатқа 20 ± 3 сағатқа қойылды. Себілген агардағы микробтық шоғырлары 24 сағат өткен соң стерилденген физиологиялық сілтімен шайылды.

2 кесте – Сүттің физико-химиялық және микробиологиялық зерттеулерінің нәтижелері

Физико-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері	Тәжірибе жасалған топ (n=5)	Бақылау жасалған топ (n=5)	Сау жануарлар тобы (n=5)
	1 күн өткен соң		
Қышқылдығы, T°	$17,5 \pm 0,03$	$17,0 \pm 0,1$	$16,0 \pm 0,02$
Топ тазалығы, кл	1	1	1
Тығыздығы, кг/м^3 , кем емес	$1031,0 \pm 0,2$	$1028,0 \pm 0,1$	$1030,2 \pm 0,11$
Бактериалдық ластануы, мың/см^3	$281,0 \pm 1,0$	$289,0 \pm 1,3$	$297,0 \pm 2,1$
Соматикалық торшалар, мың/см^3	$390,5 \pm 3,2$	$391,0 \pm 4,0$	$500,0 \pm 0,5$
7 күн өткен соң			
Қышқылдығы, T°	$17,4 \pm 0,13$	$16,5 \pm 0,11$	$16,2 \pm 0,02$
T	1	1	1
Тығыздығы, кг/м^3 , кем емес	$1031,0 \pm 0,2$	$1028,0 \pm 0,3$	$1030,3 \pm 0,1$
Бактериалдық ластануы, мың/см^3	$270,0 \pm 1,9$	$271,0 \pm 1,80$	$298,0 \pm 2,81$

Соматикалық торшалар, мың/см ³	382,6±1,5	391,0±7,9	490,6±4,5
21 күн өткен соң			
Қышқылдығы, °Т	16,9±0,03	16,5±0,2	16,4±0,1
Топ тазалығы	1	1	1
Тығыздығы, кг/м ³ , кем емес	1030,8±0,1	1029,1±0,2	1029,0±0,1
Бактериалдық ластануы, мың/см ³	267,0±0,5	279,0±2,0	298,0±0,4
Соматикалық торшалар, мың/см ³	380,6±1,6	382,9±1,8	498,6±7,9

Сүттегі антибиотектердің қалдықтарын анықтау үшін, құрамында антибиотектер бар шыны түтіктер қатар қойылды. Бақылау тобындағы соңғы сынау түтігінде антибиотик болмады. Ол тест-культурадағы дегидрогеназады белсенділігін анықтау үшін қолданды. Зерттеу нәтижесі 3-ші кестеде көрсетілді.

3 кесте - Сүттегі антибиотектердің қалдық мөлшерін көрсеткішінің нәтижелері

Зерттеу уақыты, тәулік	Бақылау стандарты, (е. д./1см ³)	Тәжірибе жасалған топ (е.д./1см ³)	Бақылау жасалған топ (е.д./1см ³)	Сау жануарлар тобы (е.д./1см)
1	0,0035	0,006±0,002	0,0075±0,002	теріс
7	0,0035	0,005±0,001	0,0072±0,001	теріс
30	0,0035	—	—	теріс

Зерттеу нәтижесі бойынша сүтке «Доксициклин-200» еңгізгеннен кейін 1 күн өткен соң 0,006±0,002 е.д./1см³ құрады. 7 күнінде 0,005±0,001 ЕД/1см³ нәтижесін берді.

Ал «Нитокс» еңгізген сиырлар тобында 1 мл сүтте 0,0075±0,002 ЕД құрады.

Доксициклиннің азықтағы нормасы, 1 мл сүтте 0,01 ед көрсеткіштен аспауы тиіс. Біздің тәжірибеде доксициклиннің сүттегі максимальды көрсеткіші 1 күні 0,006±0,002 көрсетті, бұл рұқсат етілген нормадан 1,4 есе кем.

Тәжірибенің 30 күні 1-ші және 2-ші топтың сиыр сүтінде антибиотектердің қалдық мөлшері анықталмаған.

Қорытынды. ІҚМ хламидиозы шаруашылықтардың доксициклинмен сауықтыру жануарлардың сүт өнімділігіне оң нәтиже берді. Тәжірибе жүргізілген 3 топ мал сүтінің органолептикалық көрсеткіштері, көп айырмашылықтар көрсеткен жоқ. 21 күн аралығында, бұл көрсеткіштер өзгеріске ұшырамады.

Сүттің физико-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері: қышқылдығы, топ тазалығы және тығыздығы үлкен айырмашылық көрсеткен жоқ. Бактериялық ластану пен соматикалық торшалардың зерттеу нәтижесі микроағзалар мен соматикалық жасушалардың азайғанын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша, сиыр сүті органолептикалық және физико-химиялық пен микробиологиялық көрсеткіші бойынша стандартқа сәйкес. Сонымен қатар хламидиозбен ауырған сиыр сүті антибиотектермен толықтай емделіп, сүтті тамаққа қолдануға қауіпсіз деп саналды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бессарабов Б.Ф., Вашутин А.А., Воронин Е.С. Инфекционные болезни животных, - М.:Колос. - 2010. - С. 671

2. Елеусизова А.Т., Галымжан А.Т ЖШС «Тимофеевка-агро» шаруашылығында іқм хламидиозының клинико-эпизоотиялық ерекшеліктері // Заманауи ғылымның болашағы жастар көзімен: өндірістік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-өнегелілік даму тұрғылары: Халқыар.

студенттік және магистранттық ғылым.-практ. конф. матер. – Қостанай.- А.Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2018. - 389 б.

3. Mitura A., Eleusizowa A. Chlamydia in birds – occurrence, new species and zoonotic potential – a review // Bulletin of the Veterinary Institute in Pulawy. – 2014. - № 58. – P.503-506,

4. Обухов И.Л., Васильев Д.А. Хламидиоз (*Chlamydios*). - Ульяновск. - 2003. - С. 135.

РЕЗЮМЕ

Молоко и молочные продукты входят в число скоропортящихся продуктов. Потому что является благоприятной средой для развития многих различных микрофлор.

Нарушение порядка содержания и кормления молочных животных, получение, хранение и транспортировка молока существенно сказываются на качестве молока. Не только непригодное для использования молоко, но и представляет опасность для здоровья человека и животного.

Ветеринарно-санитарную экспертизу молока в местах получения, транспортировки и реализации молока проводить ветеринарный врач. Правильность проведения экспертизы зависит от физико-химических и органолептических показателей молока. Также изучаются плотность и кислотность молока. На физико-химические показатели молока и молочных продуктов влияют порода, состояние содержания и кормления животных, физиологическое состояние организма и другие факторы. Для допуска к использованию качественного молока необходимо создать анамнез животного (состояние здоровья, порода, кормовой состав, технология получения молока). По результатам данных показателей проводится ветеринарно-санитарная экспертиза.

Сейчас эпизоотическая ситуация хозяйств связана с болезнями животных различными патогенами. От больных животных появляются новые и ранее невыявленные патогенные возбудители (вирусы, патогены и условно патогенные микроорганизмы).

Появление в хозяйствах патогенных микроорганизмов во многом обусловлено неблагоприятными условиями, дефицитом иммунитета. В частности, патогенные микроорганизмы образуются из-за неправильного содержания животных, несбалансированного кормления и использования злаковых кормов.

RESUME

Milk and dairy products are among the perishable products. Because it is a favorable environment for the development of many different microflora.

Violation of the order of keeping and feeding of dairy animals, preparation, storage and transportation of milk significantly affect the quality of milk. Not only unsuitable for use milk, but also poses a danger to human and animal health.

Veterinary and sanitary examination of milk in the places of receipt, transportation and sale of milk to carry out a veterinarian. The correctness of the examination depends on the physico-chemical and organoleptic characteristics of milk. The density and acidity of milk are also studied. The physical and chemical parameters of milk and dairy products are influenced by the breed, the state of the content and feeding of animals, the physiological state of the body and other factors. For admission to the use of high-quality milk is necessary to create anamnesis of the animal (health, breed, feed composition, milk production technology). According to the results of these indicators, veterinary and sanitary examination is carried out.

Now epizootic situation farms associated with animal diseases of various pathogens. From sick animals there are new and previously undetected pathogens (viruses, pathogens and opportunistic microorganisms).

The emergence of pathogenic microorganisms in farms is largely due to adverse conditions, lack of immunity. In particular, pathogenic microorganisms are formed due to improper animal maintenance, unbalanced feeding and use of cereal feed.

ӘОЖ 637.075.842.14

Елеусизова А.Т., Ph.D, доцент

Дүйсенғали А.Б., магистрант

РМК ШЖҚ «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті», Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

МАЛ ТЕКТЕС ӨНІМДЕРДЕ *SALMONELLA* ТУЫСЫНЫҢ БАКТЕРИЯЛАРЫН АНЫҚТАУ

Аннотация

Бұл мақалада жануарлардан алынатын өнімдердегі сальмонеллаға бактериологиялық зерттеу жүргізу нәтижелері көрсетілген. Сальмонеллездер ішек індеті болып табылады. Сальмонеллездер ластанған мал тектес өнімдер арқылы адам ағзасына түсіп, әртүрлі интоксикацияларға әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл ауру кезінде мал тектес өнімдерді ветеринариялық-санитариялық сараптау міндетті болуы тиіс. Жануардан алынған өнімдердің биологиялық қауіпсіздігін, тағамдық токсикоинфекция қоздырғыштарын анықтау үшін қолданыстағы ұлттық стандарттар бойынша классикалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу үшін сиыр еті, құс еті, шикі сиыр сүті және тағамдық тауық жұмыртқасы алынды. Жануарлардан алынатын өнімдерде санитариялық-микробиологиялық талдау жүргізу кезінде *Salmonella* туысының бактериялары табылды. Мал тектес өнімдердің 85 сынамасын кешенді зерттеу барысында сиыр етінің 20 сынамасынан 1 сынама, құс етінің 25 сынамасынан 2 сынама, құс жұмыртқасының 30 сынамасынан 3 сынама оң нәтиже берді. Шикі сиыр сүтін зерттеу теріс нәтиже берді.

Түйін сөздер: *сальмонеллез, инфекция, санитарлық-бактериологиялық зерттеулер, сәйкестендіру, серотиптер.*

Соңғы жылдары азық-түлік шикізаты мен азықтардың сапасы және қауіпсіздігі өткір әрі өзекті мәселеге айналды. Әлемнің көптеген елдерінде ұлттық қауіпсіздіктің азық-түлік аспектісі мемлекеттік саясат пен заң шығару қызметінің неғұрлым басым бағыттарының бірі болып табылады.

Әлемнің көптеген елдерінде өткен онжылдықтар бойы азық-түлікті, жануарлардан алынатын шикізатты және жемді контаминациялайтын микроорганизмдерден туындайтын аурулардың таралуының едәуір артуы тіркелді. Мұндай микроорганизмдердің қатарына *Salmonella spp.*, *Campylobacter jejuni*, *Listeria monocytogenes*, *Escherichia coli* және т. б. жатады [1].

Ішек инфекциялары әлем халықтары арасында өлім-жітім критерийі бойынша кең таралған аурулардың бірі болып табылады. Халықаралық бағалаулар бойынша бүкіл әлемде жыл сайын іш өту мен ішек қызбасы салдарынан грамтеріс ішек патогендерімен байланысты өліммен аяқталатын 3 млн. астам жұқтыру анықталады [2].

Сальмонеллездің екі мыңнан астам түрі бар, көпшілігі адам мен жануарлар үшін патогенді болып табылатын сальмонеллез тұқымының бактериялары кінәсінен туындайтын жіті ішек инфекциясы болып табылады.

Ауыз арқылы асқазан-ішек жолына өтетін сальмонеллалардың қарқынды көбеюі және ішінара жойылуы жіңішке ішектің шырышты қабатының терең қабаттарында жүреді.

Сальмонеллалардың өлуі эндотоксин – ағзаның жалпы улануын, іш өтудің пайда болуын және су-электролит балансының бұзылуын тудыратын бактериялық уытты заттардың босатылуымен қатар жүреді [3].

Сальмонеллез термиялық өңдеуге жеткілікті төзімді, спорасыз бактериялардың қатарында пайда болады. Адамдар сальмонеллезді жеткіліксіз аспаздық өңдеуден өткен немесе белгіленген режимдерді бұза отырып сақталған, оларды алу, қайта өңдеу, тасымалдау және сату процесінде сальмонеллезбен себілген азық-түліктерді пайдаланған кезде жұқтырады. Статистика бойынша

жыл сайын сальмонеллез ауруы қырық мыңға жуық адамды зақымдайды. Егер аурудың жеңіл ағымы ескерілсе, онда бұл сан шамамен бір жарым миллион адамды құрайды [4].

Сальмонеллез кезінде инфекция қоздырғыштарының берілу факторлары әдетте жануар тектес өнімдер, оның ішінде сүт және сүт өнімдері болып табылады. Қазіргі уақытта ауру көбінесе инфекцияланған жұмыртқаларды немесе құрамына жұмыртқа кіретін өнімдерді, соның ішінде кремдік-кондитерлік өнімдерді жеген кезде пайда болады.

Ет өнімдері. Медициналық статистиканың деректеріне сәйкес, тиісті термиялық өңдеуден өтпеген етті тұтыну 75%-ға жуық жағдайларда сальмонеллездің дамуының себебі болып отыр. Сальмонелдің көптеген штамдары төмен температурада (-82 градусқа дейін) қатып тұратындықтан, тұздану және ыстау процесіне (мысалы, шикі ысталған шұжықтарда) төзіп, зақымданған ет өнімдерінде олар жарты жылға дейін өмір сүруге қабілетті болады.

Шикі сүт және оның негізінде дайындалған өнімдер. Сальмонеллездің таяқшасы ұзақ уақыт сақталып, қарқынды көбейетіндігі тіркелген: сүтте – 20 күн бойы, айранда – төрт аптаға дейін, сары майда – үш айға дейін, ірімшікте – бір жылға дейін.

Үй құстарының жұмыртқалары (тауық, бөдене, үйрек және қаз), әсіресе ұзақ уақыт бойы сақталатын жұмыртқалар (тіпті тоңазытқышта) аса қауіпті. Ғалымдар осындай бір ай ішінде сақталған жұмыртқа қабығына түскен патогенді бактериялар ішке еніп, сарыуызға жетіп, онда толық шоғыр құруы мүмкін екенін анықтады. Сондықтан да дәрігерлер шикі жұмыртқаларды (оның ішінде гоголь-моголь түрінде) жемеуге кеңес береді [4].

Бірқатар аурулар сальмонеллалармен зақымдалған ет және теңіз өнімдерін жеумен байланысты. Көбінесе бұл үй құстарының еті (тауық, үйрек, қаз, күрке тауық), сондай-ақ ірі қара мал мен шошқа еті [5].

Сонымен қатар сальмонеллалар адамда іш сүзегін (*Salmonella typhi*) және паратифті (*Salmonella paratyphi A, B, C*) туғызады, жануарлар болса, бұл ауруларға сезімтал емес. Инфекция қоздырғышының берілу факторлары ретінде дайындалғаннан кейін термиялық өңдеуге ұшырамайтын және ұзақ уақыт бойы бөлме температурасында сақталуы мүмкін өнімдер мен тағамдар адам денсаулығына аса қауіпті болып табылады [6].

Сальмонеллездер кезінде инфекция қоздырғышының берілу факторы ретінде сальмонеллездің аздаған мөлшерін жұқтырған азық-түлік өнімдері көрсетілуі мүмкін екенін ескеру қажет. Сальмонеллезбен сырқаттанудың жекелеген жағдайлары белгілі, тіпті жұқтыру мөлшері ондаған микроорганизмдерден аспаған жағдайлар тіркелген. Азық-түлік өнімдеріндегі сальмонеллалардың қарқынды көбеюі олардың дәмін де, иісін де, сыртқы түрін де өзгертпейтінін ескеру қажет. Белгілі бір азық-түліктертерде немесе сыртқы ортаның басқа да объектілерінде сальмонеллалардың анықталуы олардың эпидемиологиялық маңыздылығының негізгі критерийлері болып табылады [7].

Мал тектес азықтардың (ет, балық, сүйек, ет-сүйек ұны) кең дамыған халықаралық саудасы токсико-тағамдық инфекциялардың едәуір таралуына ықпал етеді, көбінесе *Salmonella* туысының бактериялары әртүрлі серотиптермен жұғады, бұл негізгі эпидемиологиялық тізбекті анықтайды – «мал азығы – мал – мал азық-түлік өнімдері – адам» [8].

Жұмыстың мақсаты – малдан алынған өнімдердің сальмонелламен зақымдалуын анықтау.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалады:

- етке сальмонелла контаминанттығына (сыыр еті, құс еті) бактериологиялық зерттеу жүргізу;
- сүтке сальмонелла контаминанттығына бактериологиялық зерттеу жүргізу;
- тауық жұмыртқасына сальмонелла контаминанттығына бактериологиялық зерттеу жүргізу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Сыыр еті, құс еті және шикі сыыр сүті, тағамдық тауық жұмыртқасы зерттеу материалдары болды. Зерттеу үшін барлығы 85 сынама алынды. Ет өнімдері отандық және алыс шетелдерден әкелінген. Сынамалар 2018 жылдың қыркүйек айы мен 2019 жылдың наурыз айы аралығында ішкі сауда объектілерінен сатып алынды.

Salmonella бактерияларын анықтау әдісі 4 кезеңнен тұрады:

1 кезең. Селективті емес сұйық ортада алдын ала байыту. Ол сальмонелла туысының бактерияларының аз санын анықтау үшін қажет.

2 кезең: Селективті сұйық ортада байыту.

3 кезең: Сәйкестендіру үшін дифференциалды орталары бар Петри табақшаларына қайта себу. Екінші кезеңде алынған дақылдар екі селективті тығыз ортаға көшірілді: ксилоза-лизин-дезоксихолаттыагар (XLD-агар) және висмут-сульфит агар (BCA). Себінділер 370С температурада 24 сағат бойы инкубацияланды.

4 кезең: Шоғырларды сәйкестендіру. Сонымен қатар Клиглер ортасына (үшсахарлыагар) сальмонеллаларды сәйкестендіру үшін алынған дақылдар қайта себілді – лактоза, сахароза, глюкоза.

Зерттеу материалдарын дайындау.

Зертханаға жеткізілген сынамалар байыту ортасы бар пробиркаларға (колбаларға) және дифференциалды-диагностикалық ортасы бар Петри табақшаларына себілді.

Петри табақшаларына себілетін зерттелуші материал ортаның барлық бетіне шпательмен төселді.

Себілген пробиркалар мен табақшаларды термостатқа 37 °С кезінде 16-20 сағ. салынды. Кейін өсірілген бактериялардың дақылдық қасиеттерін зерттедік.

Агарлы дақылдарға жарық микроскопиясы әдісімен микроскопиялық зерттеу жүргізілді. Жұғындылар Грам бойынша боялды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: бактериологиялық, биохимиялық және серологиялық – Тамақ өнімдері 52814-2007 (ISO 6579:2002) МемСТ, сүт және сүт өнімдері ISO 6785-2015 МемСТ, құс еті, қосымша өнімдер және құс етінен жартылай фабрикаттар 31468-2012 МемСТ бойынша ет және ет өнімдерін зерттеу. Salmonella текті бактерияларды анықтау әдісі. «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 033/2013, «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 034/2013. Зерттеулер ҚР АШМ «Республикалық ветеринария зертханасының» азық-түлік қауіпсіздігі бөлімінде және А. Байтұрсынов ҚМУ ветеринарлық санитария кафедрасында жүргізілді.


Зерттеу нәтижелері. Мал шаруашылығы өнімдерін зерттеу мақсатында біз жеке ауладан сиыр, тауық еті, шикі сиыр сүті, үй тауық жұмыртқасы сынамаларын іріктеп алдық. Зерттелген кезеңде барлығы 85 сынама зерттелді. Зерттеу нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте - Жануарлардан алынатын өнімдерді сальмонеллалардың болуына кешенді зерттеудің нәтижелері

	Оң сынамалардың саны, %		
	Барлығы	анықталды	%
Сиыр еті	20	1	5
Құс еті	25	2	8
Сүт	10	-	-
Құс жұмыртқасы	30	3	10

1-кестенің мәліметтері бойынша, үй тауық жұмыртқаларында сальмонелланы анықтаудың ең көп пайызын (10%) көрсеткен 3 сынама анықталғаны байқалады. Бұл үй жұмыртқалары және жұқтыру қаупі бар. Құс етінің 25 сынамасынан 2 сынамада сальмонеллалар анықталды, бұл 8%-ды құрайды. Бұл сынамалар алыс шетелдерден әкелінген тауық етінен алынды. Тағы бір көрсеткіш сиыр еті болды, 20 сынаманың көрсеткіші 5% болатын 1 сынама анықталды, ал шикі сиыр сүтінде сальмонелла анықталған жоқ.

Контаминирленген сынамалардың пайыздық қатынасы 1 суретте көрсетілген.



1 сурет - Контаминирленген сынамалардың пайыздық арақатынасы

Белгіленген салмонелла штамдары биохимиялық тест зерттеулеріне ұшыраған, осы мақсатта моно-, поливалентті типтік спецификалық салмонеллез сарысуымен серологиялық сәйкестендіру жүргізілді. Зерттеулер нәтижелері 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте - Анықталған салмонеллалардың түрлену нәтижелері

Серотиптер	Жануарлардан алынатын өнімдердегі серотиптердің саны			
	Сиыр еті	Құс еті	Сүт	Құс жұмыртқасы
<i>S. typhimurium</i>	-	-	-	-
<i>S. Dublin</i>	1	-	-	-
<i>S. gallinarium</i>	-	2	-	2
<i>S. enteritidis</i>	-	-	-	1

2-кестеде келтірілген серотиптеу деректеріне сәйкес, сәйкестендіру нәтижесінде көбінесе салмонеллалардың мынадай түрлері анықталды: *S. Dublin*, *S. enteritidis*, *S. gallinarium*. Сиыр етін зерттеу кезінде анықталған салмонелла негізгі серотиптері - *S. Dublin*; құс және жұмыртқада – *S. gallinarium*, *S. enteritidis*.

S. enteritidis өнімде көрсетілген микроорганизмдердің төмен мөлшері кезінде салмонеллездің тағамдық өршуін тудырады, ал аурулар әдетте манифестілік клиникалық ағыммен ерекшеленеді, ол З.Алескеровтың (2008) деректері бойынша ажыратылады.

Қорытындылай келе, салмонеллалар кептіруге, жоғары температураның әсеріне және ортаның басқа да факторларына айтарлықтай төзімділікке ие, бұл тағамдық салмонеллездердің пайда болу қаупін арттырады.

Ветеринарлық-санитарлық тұрғыдан қауіпсіз мал шаруашылығы өнімдерін қамтамасыз ету үшін нақты заманауи диагностиканы қамтамасыз ету, өнімнің сапасын бақылауға бағытталған іс-шараларды жүргізу қажет. Осы мақсатта жаңа жетілдірілген және сынақтан өткен зерттеу әдістерін енгізу қажет.

Тұжырымдар. Осылайша, зерттеу нәтижесінде алыс шетелдерден әкелінген ет өнімдері әрдайым қауіпсіз болып табылмайды және салмонелламен контаминациялануы мүмкін және қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Тауық жұмыртқасы сиыр етімен салыстырғанда (тиісінше 10% және 8%) *Salmonella* туысының бактерияларымен көп мөлшерде контаминацияланған.

Инфекцияның қауіптілігін және салмонеллездің асқынулары таяқша тасымалдаушысын (абсцестер, эндокардиттер, іріңді артриттер, перитонит, аппендикс және тіпті менингит) ұшыратуы мүмкін екенін ескере отырып, қарапайым гигиена ережелерін және тағамды қауіпсіз дайындау технологияларын елемеуге болмайды. Мұндай жолмен тек зұлым аурудан құтылуға ғана емес, қоршаған адамдарды жұқтыру қаупіне ұшыратпауға да болады.

FDA (U.S. Food & Drug Administration) - АҚШ-тың Азық-түлік өнімдері мен дәрі-дәрмек жөніндегі басқармасының зерттеулері бойынша жыл сайын АҚШ-та 2-ден 4 миллионға дейінгі салмонеллездің айқындалу жағдайлары байқалады.

Инфекциялық мөлшері 15-20 жасушадан құралуы мүмкін, бұл иесінің жасына және ағзасының жағдайына, сондай-ақ *Salmonella* туысының түрлеріндегі айырмашылықтарға байланысты. Ауруға барлық жас топтары сезімтал, бірақ белгілері қарт науқастарда, балаларда және әлсіз науқастарда аса ауыр байқалады. ЖИТС-пен ауыратын науқастар сальмонеллезден жиі зардап шегеді (қолда бар бағалаулар бойынша жалпы халыққа қарағанда 20 есе көп) және оларда аурудың қайталанатын эпизодтары байқалады. Тифоидты қызба кезіндегі өлім-жітім сальмонеллездің 1%-дан кем болмайтын біршама нысандар үшін салыстырғанда 10%-ға дейінгі құрайды. Сальмонеллездің басқа түрлерінің арасында: *S.dublin*-ді жұқтыру 15% өлім-жітімді береді, ауру қарт науқастарда септицемия түрінде өтеді, ал *S. enteritidis* қарттар үйінде өршу кезінде шамамен 3,6% өлім-жітім береді, бұл ретте қарт науқастар осы ауруға аса сезімтал болып табылады (FDA деректері).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бессабаров Б.Ф., Вашутин А.А., Воронин Е.С. Инфекционные болезни животных. – М.: КолосС, 2007. – 671 с.
2. Иванов Н. П. Диагностика инфекционных болезней животных. – Алматы, 2009. – 906 с.
3. Близнюк А.М., Рашкевич И.И., Чистенко Г.Н. Этиологическая структура и проявления эпидемического процесса сальмонеллезов // Научный журнал Университета Гродно. – 2010. - №1. – С. 78-81.
4. Медведева Н.В. Основные источники и факторы передачи возбудителей сальмонеллезов // Ветеринария. - 2015. - №3. – С. 50-54
5. Леонтьева И.А. Биологические свойства эшерихии и сальмонелл, выращенных на различных питательных средах. – Самарканд. - 1988. – 22 с.
6. Сулейменова З. И., Куатбаева А. М. Ситуация по острым кишечным инфекциям в Республике Казахстан // Вестник АГИУВ. – 2014. - №1. – С. 98-101
7. Брилис В.И., Брилене Т.А., Ленцер Х.П. Ленцер А.А. Методика изучения микроорганизмов. – М., 1986. – № 4. – С. 210-212
8. Абжалиева А.Б., Бияшев Қ.Б., Оразалиев Д.М., Ергумарова М.О. Жануарлар мен құстар арасында ішек инфекцияларының таралуы // Ғылым және білім. – 2018. - №1. – Б. 91-94.

РЕЗЮМЕ

В данной статье отражены результаты бактериологического исследования на сальмонеллу в продуктах животного происхождения. Сальмонеллезы являются кишечными инфекциями. Сальмонеллезы могут попадать в организм человека через загрязненные продукты животного происхождения и привести к различным интоксикациям. Поэтому при таком заболевании должна быть обязательная ветеринарно-санитарная экспертиза продуктов животного происхождения. Для определения биологической безопасности продуктов животного происхождения, для выявления возбудителей пищевых токсикоинфекций были использованы классические методы исследования по действующим национальным стандартам. Для исследования были получены мясо говядины, мясо птицы, сырое коровье молоко и пищевое куриное яйцо. В продуктах животного происхождения при проведении санитарно-микробиологического анализа обнаружены бактерии рода *salmonella*. В ходе комплексного исследования 85 проб продукции животного происхождения, из 20 проб мяса говядины 1 проба, из 25 пробы мяса птицы 2 пробы, из 30 проб яиц птицы 3 пробы дали положительный результат. Исследование сырого коровьего молока дал отрицательный результат.

RESUME

This article reflects the results of bacteriological research on *Salmonella* in animal products. Salmonellosis is an intestinal infection. Salmonellosis can enter the human body through contaminated animal products and lead to various intoxications. Therefore, in such a disease should be mandatory veterinary and sanitary examination of animal products. To determine the biological safety of animal products, to identify pathogens of food toxicoinfections were used classical research methods according to current national standards. Beef, poultry, raw cow's milk and edible chicken egg were obtained for the study. In products of animal origin during the sanitary-microbiological analysis found bacteria of the genus *salmonella*. In the course of a comprehensive study of 85 samples of animal products, of 20 samples of beef 1 sample, of 25 samples of poultry 2 samples, of 30 samples of poultry eggs 3 samples were positive. The study of raw cow's milk gave a negative result.

ӘОЖ 615:581.176.045

Есжанова Г.Т., ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент

Бисенғалиев Р.М., ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Жумабаева А.А., ассистент

Нұрбосын С.Б., магистрант

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

ВЕТОМ 1.1 ПРОБИОТИКАЛЫҚ ПРЕПАРАТЫНЫҢ ФАРМАКОДИНАМИКАСЫН ЗЕРТТЕУ

Аннотация

Мақалада Ветом 1.1 пробиотикалық препарат және Реплевак-БЭТ биологиялық қосымша қоспаның белсенділіктері салыстырмалы қарастырылған. Ветом 1.1 пробиотикалық препарат *Bacillus subtilis* микроорганизмдер өкілдерінің негізінде дайындалған және бұл препарат соңғы жылдарда ауыл шаруашылығы жануарлардың ас қорыту жолдарының жұмысын жақсартуға, төлдердің өсуін ынталандыру үшін және қосымша салмағын алуға пайдаланылады. Ветом 1.1 препаратының фармакодинамикалық қасиеттері қанның гематологиялық және биохимиялық дәрежесінде зерттелді. Препаратты төлдерге енгізгеннен кейін, қанда гематологиялық көрсеткіштердің және ақуыз алмасу компоненттерінің көлемі өзгеруі байқалды. Ветом 1.1 ықпалына қандағы жалпы ақуыз концентрациясы 6,1% жоғарылады, γ -глобулинның концентрациясы 20,4% көтерілді, ал бақылау тобында бұл көрсеткіштер 3,5% және 9,7% сәйкес кұрады. Бұзаулар қанында Ветом 1.1 препараты, Реплевак-БЭТ препаратымен салыстырғанда, морфологиялық көрсеткіштердің концентрациясын нақты жоғарылатты, гемоглобинның көлемін көбейтті, жалпы белок көлеміне жоғарылау тенденциясын тудырды, белок фракцияларының ара қатысын реттеді, көмірсу және минералды алмасу көрсеткіштерінің қандағы көлемін физиологиялық дәреже бойында үдетті.

Реплевак-БЭТ препаратымен салыстырғанда, Ветом 1.1 препаратының фармакодинамикалық белсенділігі одан жоғары.

Түйін сөздер: фармакодинамика, пробиотик, бұзаулар, зат алмасу, қан, морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштері.

Пробиотиктер - ішек жолдарының, қалыпты физиологиялық және эволюциялық негізделген микрофлораға тиесілі жағдай туғызатын, құрамы тірі микроорганизмдерден тұратын препараттар. Пробиотиктерге негіз ретінде пайдаланылатын ең танымал микроорганизмдер-лактобактериялар. Пробиотикалық препараттар ағзалардың функционалдық деңгейіне оң әсер етіп, ас қорыту жүйесінің қызметін қалпына келтіруге көмектеседі [1]. Пробиотиктерді шет елдерде, атап айтқанда АҚШ, Канада, Жапон елдерінде, күнделікті қолданыс табады. Ресей мемлекетінде де пробиотикалық препараттар зерттелініп, қалыптасқан антибиотикотерапияның орнын басуда. Ресейлік ғалымдар *Bacillus* және басқа да микроорганизмдер өкілдерінің негізінде 25-ге жуық өнімдерді дайындап, қолданылуын талап етті және олардың кейбіреулері медицина мен ветеринарлық медицинада қолданыс тапты (*Bactisporin*, *Biosporin*, *BIOD 5*, *Vetom 1.1*, *Vetom 2*, *Vetom 3*, *Vetom 4* және көптеген варианттары мен штамдарының препараттары) [2]. Ерекше пробиотиктердің ішінде, Ветом сериялы, *Subalin* және *Koredon* рекомбинантты штамм ВКПМ В-7092 қолдану барысында, лейкоцитарлық Альфа-2 интерферон өндірілуі *rVMV* қабілетті плазмидтің *B. subtilis* 105 түрі болып табылады [3,4]. Осы сериялы препараттардың пайдалануы диареяны алдын алу және емдеу, бактериялық, вирустық және паразиттік аурулар, иммундық тапшылығы мемлекеттерді түзетуге және (кұстар мен терісі қымбат аңдардың қоса алғанда), ауыл шаруашылығы отандық және жабайы жануарлардың асқазан-ішек жолдарының жұмыс істеуін жақсарту, сондай-ақ өсуін ынталандыру үшін жас жануарларды дамыту, жануарлардың қосымша салмағын алу және т.б. пайдаланылады [5].

Ал, біздің елімізде зерттеулер жүргізілгенімен, оны қолдануы тек белгілі бір ауруларда күресу мен антибиотиктерден кейінгі микрофлораны қалпына келтіру мақсатында ғана қолданады.

Бұған себепкер факторлардың бірі – пробиотиктерді қолданылудағы білімнің жеткіліксіздігі, препараттардың салыстырмалы жоғары бағасы және әсерінің ұзақтығы.

Біздің жұмысымыздың мақсаты: Ветом 1.1 пробиотикалық препараттың бұзаулардың қанындағы морфологиялық, биохимиялық көрсеткіштерінің динамикасы бойында әсерін зерттеу.

Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы Ақмол ауданы, «ЖШС Родина» шаруашылығында 2018 жылдың ақпан-мамыр айларында өндірістік машықтануды өту барысында іске асырылды. Тәжірибені жүргізу үшін голштин тұқымының, 12 бұзау тандап алынды. Барлық бұзаулар жастас бір айға дейінгілер. Жалпы мал санынан 1 тәжірибелік топ және 1 бақылау тобы құрылды. Әр топ 6 бастан құрылды. Барлық жануарлар зоогигиеналық талаптарға сай, бірдей жағдайда ұсталынды. Оларды азықтандыру жас ерекшеліктері мен физиологиялық жағдайларына сай нормалар бойынша жүзеге асырылды.

Клиникалық байқауда бұзаулардың кілегейлі қабықтарының түсіне, нәжісіне рефлексологиялық қимыл қозғалысының өзгерістеріне және физиологиялық көрсеткіштеріне аса көп мән берілді. Кілегейлі қабықтарының бозғылт тартуы асыл тұқымды сиырларда жиі кездесетін анемия салдарынан байқалады. Температура мен басқа физиологиялық көрсеткіштерін әр бұзауға жекелеп кестеге түсірдік.

Біз зерттеуді жүргізген бұзаулардың салмағын арнайы журналдан алып, зерттеуді аяқтар алдында тәжірибиеге қатысқан барлық бұзаулардың салмағы қайта анықталды.

Зерттеуге алынған 6 бұзау рационана пробиотикалық препарат «Ветом 1.1» қосып берілді. Зерттеу барысында бұзаулардың денсаулығын шартты микрофлорамен асқындатпау үшін, жедел түрде антибиотиктерді пайдалануға мәжбүр болдық. Антибиотик ретінде амоксицилин препаратын, 5 мл бұлшық етке енгізіп, емдеу курсы 4 күнге тағайындадық. Салыстырма жүргізу үшін, бақылау тобының бұзауларына «Реплевак-БЭТ» қосымша азығы берілді (1 кесте).

1 кесте - Пробиотикалық препаратты қолдану схемасы

Бұзаулар тобы (n=12)	Препарат	Енгізілген мөлшері, 1 басқа/ г	Қолдану әдісі
Бақылау тобы	Реплевак-БЭТ	100,0	2 л жылы суға араластырып, күніне 1 рет 10 күн бойы беруге
Тәжірибелік топ	Ветом 1.1	3,4	100 мг 1кг салмаққа өлшеп, 0,5л суға араластырып, күніне 1 рет 10 күн бойы беруге

Тәжірибиеге алынған Ветом 1.1 препаратының құрамында құрғақ бактериалдық массасы бар, *Bacillus subtilis* штаммы ВКПМ В-10641 плазмидамен модифицирленген. Қосымша заттарға: қант және крахмал қолданылған. Препараттың бір граммында 1×10^6 КТБ (колония түзуші бірлік) тірі *Bacillus subtilis* ВКПМ В-10641 бар[4].

Қандағы морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштердің концентрациясы әдеттегі зертханалық әдістермен анықталды.

Зерттеу нәтижелері. Тәжірибелік пен бақылау тобындағы жануарлардың қанының морфологиялық және биологиялық көрсеткіштері 2 кестеде көрсетілген.

2 кесте - Тәжірибелік пен бақылау тобындағы жануарлардың қанының морфологиялық және биологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Норматив-тік көрсеткіштер Min-max	Жануарлар топтары			
		Бақылау тобы (n=6)		Тәжірибелік топ (n=6)	
		M±m		M±m	
		Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында	Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында
Гемоглобин, г/л	99,0-129,0*	75±1,45	88±2,15*	73,6±0,45	91±2,47*
Эритроциттер, млн/мкл	5,0-7,5*	7,0±0,3	6,8±0,2*	6,0±0,1	5,0±0,15*
Лейкоциттер, мың/мкл	4,5-12,0*	10,4±0,27	8,9±0,17*	11,2±0,9	9,2±0,21*

*- $P \leq 0,001$

Мына кестеге қарасақ, гемоглобиндердің бастапқы көлемі бақылау тобында 24,2% болса, кейін– 11,1 % нормадан төмен болды, бірақ гемоглобиннің жоғарылау тенденциясы байқалды. Ветом 1.1 препараты енгізілген топта бұл көрсеткіш тәжірибеге дейін 25,6%-ға төмен болса, тәжірибеден кейін, Нв концентрациясы 19,1%-ға жоғарылады, ал «Реплевак-БЭТ» ықпалынан гемоглобин көлемі 14,77%-ға жоғарылады, бірақ екі топтың жануарлар қанында бкл көрсеткіш физиологиялық деңгейге жеткен жоқ. Ал, эритроциттер мен лейкоциттердің көрсеткіштері тәжірибелік зерттеу барысында барлық топтарда нормаға сай болды, бірақ екі топтың да жануарлар қанында жоғарылау тенденциясы байқалды.

3 кестеде берілген мәліметтер лейкоциттердің жекелей түрлерінің санының динамикасын тәжірибелік, бақылау топтарында тәжірибе алды мен соңындағы өзгерісін көрсетеді.

Қан сарысуындағы жалпы ақуыздың мөлшері қалыпты шектерде болды.

3 кесте - Тәжірибелік пен бақылау тобындағы жануарлардың қанының лейкограммасы

Көрсеткіштер	Жануарлар топтары				
	Нормативтік көрсеткіштер Min...max	Бақылау тобы (n=6) M±m		Тәжірибелік топ (n=6) M±m	
		Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында	Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында
Гранулоциттер, %	6,0-12,8	11±0,46	20±0,18*	12±0,7	16±0,28*
Лимфоциттер,%	47,0-66,0	70±0,56	62±0,89*	72±0,96	65±0,33*
Моноциттер, %	2,0-7,0	3±0,023	5±0,09*	4±0,03	4±0,12*

Тәжірибелік пен бақылау тобындағы жануарлардың қанындағы жалпы ақуыз бен оның фракцияларының динамикасы 4 кестеде берілген.

4 кесте - Тәжірибелік пен бақылау тобындағы жануарлардың қанындағы жалпы ақуыз бен оның фракцияларының динамикасы

Көрсеткіштер	Жануарлар топтары				
	Нормативтік көрсеткіштер Min...max	Бақылау тобы (n=6) M±m		Тәжірибелік топ (n=6) M±m	
		Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында	Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында
Жалпы ақуыз, г/л	72-86	78,1±0,07	80,9±0,32*	79±0,21	84,1±0,17*
Альбуминдер,%	40,0-48,0	52,71±0,9	50,1±0,08	51,8±0,3	52,2±0,9*
α-глобулиндер,%	12,0-20,0	16,29±0,47	15,5±0,61*	16,50±0,21	12,89±0,25*
β-глобулиндер, %	16,0-21,0	13,19±0,47	14,68±0,12*	13,7±0,27	12,3±0,81*
γ-глобулиндер, %	20,0-30,0	17,81±0,72	19,72±0,2*	18,0±0,43	22,61±0,34*

*- $P \leq 0,001$

Мына кестеге қарасақ, тәжірибе соңында Ветом 1.1 қабылдаған бұзаулардың қанында жалпы белок көлемі, бақылау топпен салыстырғанда, 3,8%-ға жоғары болды.

Қандағы β-глобулиндердің бастапқы көлемі бірінші /бақылау/ топта 17,6%-ға, γ-глобулин – 10,95%-ға, екінші /тәжірибелік/ топта β-глобулинның бастапқы концентрациясы - 12,5%-ға, γ-глобулин – 10 %-ға төмен болды, тәжірибе соңында, бақылау тобындағы бұзаулардың қанында β-глобулинның көлемі шамалы жоғарыласа -8,25%-ға, тәжірибе тобында бұл көрсеткіш 23,1%-ға нормадан төмен. Қандағы γ-глобулинның концентрациясы екі топтада жоғарылады–9,7% бақылау тобында, 20,4% –тәжірибе тобының бұзауларының қанында, бірақ Ветом 1.1 азық қосымшасының Реплевак қосымшасы алдында фармакодинамикалық әсері жоғары екендігі белгілі болды. Ал, α-глобулиндердің бастапқы көлемі барлық топтарда нормаға сәйкес. Кейін бұл көрсеткіштің динамикасында жоғарылау тенденциясы байқалды, бірақ физиологиялық параметрлерден асқан

жок. Альбуминдердің концентрациясы зерттеу бағытында барлық топтардың жануарларының қанында жоғары дәрежеде болды, 4,19-8.93%-ға дейін.

Жүргізілген тәжірибие нәтижесінде жалпы ақуыз саны барлық топтағы малда нормаға сайкес жоғарылады. Бұл жасуша ішілік зат алмасудың жақсарғанын көрсетеді. Екі топта эритроциттердің орташа есеппен 11% жоғарылағаны және дегидратация нәтижесінде лейкоциттердің көп бөлінуі байқалды (5 кесте).

5 кесте - Тәжірибелік пен бақылау тобындағы жануарлардың қанындағы фосфор, кальцийдің динамикасы мен глюкоза мөлшерінің өзгерісі

Көрсеткіштер	Жануарлар топтары				
	Нормативтік көрсеткіштер Min-max	Бақылау тобы (n=6) M±m		Бақылау тобы (n=6) M±m	
		Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында	Тәжірибеге дейін	Тәжірибе соңында
Фосфор, ммоль/л	0,5-2,26	1,69±0,1	2,0±0,04	1,5±0,22	2,2±0,30*
Кальций, ммоль/л	2,5-3,5	2,3±0,08	2,6±0,15*	2,45±0,032	3,0±0,27*
Глюкоза, ммоль/л	2,53-2,97	2,27±0,12	2,41±0,32*	2,19±0,09	2,6±0,25*

*- $P \leq 0,001$

Фосфор және кальцийдің концентрациясы қанда тәжірибие барысында физиологиялық нормативтік деңгейде болды.

Глюкозаның қандағы концентрациясы тәжірибелік зерттеу алдында нормативтік көрсеткіштерден шамалы төмен болды (10,27-13,44%). Тәжірибе соңында бұл көрсеткіштің динамикасында жоғарылау тенденциясы байқалды (5,8-15,76%), бірақ бақылау тобы бұзауларының қанында глюкозаның концентрациясы нормативтік көлемге жеткен жоқ.

Осыған орай, Ветом 1.1 пробиотикалық азықтық қосымша құрамындағы патогенді емес бактериялармен оның өсуін жеделдететін қосымша заттармен қатар оңай қорытылатын көмірсулардың арқасында тиімді әсер етеді деуге болады.

Ветом 1.1 препараты бұзаулар қанының морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне әсерінде гемоглобинді 19,1%-ға және гамма-глобулиндерді 20,4%-ға көбейтеді.

Жалпы белок көлемі тәжірибе тобындағы жануарлар қанында 3,8%-ға бақылау тобынан жоғары болғаны байқалды және Ветом 1.1 препаратының ықпалынан фосфордың концентрациясы -31,8%-ға, кальцийдің көлемі- 18,3%-ға көбейтілді.

Реплевак-БЭТ препаратымен салыстырғанда, Ветом 1.1 препаратының қандағы зат алмасу үрдістер көрсеткіштер дәрежесіндегі фармакодинамикалық белсенділігі одан жоғары.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бурнышева Н.В. Влияние пробиотиков на рост и сохранность молодняка крупного рогатого скота Среднего Предуралья//Мат. науч. сессии «Проблемы совершенствования селекции, технологий содержания и кормления животных, методов борьбы с болезнями различной этиологии в условиях Евро-Северо-Востока» -Киров, 2006. -С. 69-73.

2. Тойкина Н.Г. Применение пробиотика «Ветом-4» при диспепсии телят // Международная научно-практическая конференция «Аграрная наука – сельскому хозяйству». – Барнаул, 2008, с. 415

3. Georgoulakis, A. Tzivara, C. S. Kyriakis, A. Govaris, and S. C. Kyriakis. 2004. Field evaluation of the effect of a probiotic-containing *Bacillus licheniformis* and *Bacillus subtilis* spores on the health status, performance, and carcass quality of grower and finisher pigs. *J. Vet. Med. A Physiol. Pathol. Clin. Med.* 51:306–312.

4. Kaburagi, T., T. Yamano, Y. Fukushima, H. Yoshino, N. Mito, and K. Sato. 2007. Effect of *Lactobacillus johnsonii* La1 on immune function and serum albumin in aged and malnourished aged mice. *Nutrition* 23:342–350.

5. Тараканов Б.В., Нурбаков Г.Ф., Бурнышева Н.В. Влияние цикличности использования пробиотика лактоамиловорин на рост и обмен веществ телят-молочников // *Аграрная Наука Северо-Востока*, 2005. -№ 7. -С. 76-80.

РЕЗЮМЕ

Препарат Ветом 1.1 содержит сухую бактериальную массу спорообразующих бактерий *Bacillus subtilis* штамм ВКПМ В-10641, модифицированного плазмидой.

Генетически модифицированный штамм *Bacillus subtilis* ВКПМ В-10641 выделяет в кишечнике животных интерферон α -2 человеческий, антибиотикоподобные субстанции, ферменты и другие биологически активные вещества, нормализующие пищеварение, кислотность среды, биоценоз кишечника, всасывание и метаболизм белков, углеводов, жиров, минеральных веществ. В последние годы Ветом 1.1 применяют сельскохозяйственным животным при нарушениях процессов пищеварения, связанных с ферментной недостаточностью, для увеличения сохранности молодняка животных, для повышения естественной резистентности организма.

Изучено влияние пробиотического препарата «Ветом 1.1» на динамику гематологических и биохимических показателей в крови телят. Проведена сравнительная оценка активности пробиотического комплекса «Ветом 1.1» и биологической добавки «Реплевак-БЭТ», применяемого в условиях хозяйства ТОО «Родина» Акмолинской области.

Установлено преимущественное стимулирующее влияние «Ветом 1.1» на динамику показателей белкового, углеводного и минерального обмена в крови.

Препарат «Ветом 1.1» в большей степени обусловил коррекцию соотношения белковых фракций в крови, повышение содержания гемоглобина с тенденцией приближения к нормативным величинам.

RESUME

Preparation Vetom 1.1 contains dry bacterial mass of spore-forming bacteria *Bacillus subtilis* strain VKPM B-10641, modified plasmid.

Genetically modified strain *Bacillus subtilis* VKPM B-10641 secretes in the intestines of animals interferon α -2 human, antibiotic-like substances, enzymes and other biologically active substances that normalize digestion, acidity, intestinal biocenosis, absorption and metabolism of proteins, carbohydrates, fats, minerals. In recent years, Vetom 1.1 is used in farm animals for digestive disorders associated with enzyme deficiency, to increase the safety of young animals, to increase the natural resistance of the body.

The influence of the probiotic drug «Vetom 1.1» on the dynamics of hematological and biochemical parameters in the blood of calves was studied. A comparative assessment of the activity of the probiotic complex «Vetom 1.1» and the biological additive «Replevak-BET», used in the conditions of the limited liability partnership «Rodina» of Akmola region.

The predominant stimulating effect of "Vetom 1.1" on the dynamics of protein, carbohydrate and mineral metabolism in the blood was established.

The drug «Vetom 1.1» to a greater extent caused the correction of the ratio of protein fractions in the blood, increasing the content of hemoglobin with a tendency to approach the normative values.

УДК 619:615:322.591.23

Есжанова Г.Т., кандидат ветеринарных наук, доцент

Рахимжанова Д.Т., кандидат ветеринарных наук, доцент

Жанабаев А.А., кандидат ветеринарных наук

Нұрбосын С.Б., магистрант

НАО «Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина», г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЯ ФИТОПРЕПАРАТА *ACHILLEA SALICIFOLIA* НА ОРГАНИЗМ ИНТАКТНЫХ И БОЛЬНЫХ ДИСПЕПСИЕЙ ТЕЛЯТ

Аннотация

Получен водно-спиртовой экстракт из сырья тысячелистника иволистного. Изучена активность фитопрепарата при его применении для коррекции рН сычужного сока у интактных телят и для лечения острой формы диспепсии у телят опытной группы.

Установлена фармакотерапевтическая активность фитопрепарата *Achillea salicifolia*. Применение фитопрепарата *Achillea salicifolia* в комплексном лечении простой формы диспепсии телят обусловило улучшение динамики выздоровления животных, способствовало сокращению сроков выздоровления, по сравнению с контрольной группой, вызвало положительные фармакодинамические эффекты на уровне морфологических и биохимических показателей в крови у телят.

